

БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

Адасқан кейіпкерлерге көмектес

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.03.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/34392/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Шинтемирова Анаргуль

Мақсаты: Балаларды қарапайым математикалық ұғымдармен яғни қарама — қарсы ұғымдарды, өзіне қатысты кеңістікті бағдарлауды үйрету. Заттарды санына қарай салыстыра білу әрі ертегіні тәрбие құралы ретінде пайдаланып, бір — біріне көмектесу, ұнамсыз істерді болдырмау. Шалқан ертегісінің кейіпкерлерін пайдаланып заттарды ретімен айтуға, санауға үйрету. Математикаға деген қызығушылығын арттыра отырып ойын, тілін, танымдық әрекетін дамытып, бір — біріне, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер, кейіпкерлердің ойылған макеті, мультимедия, текшелер, логикалық тапсырмалар, биік, аласа үйлер, теректер, гүлдер, мультимедия арқылы бейнебаян көрсету.

Әдіс тәсілдері: Сұрақ — жауап, ойындар, топтық жұмыс, жеке жұмыс.

Сабақтың түрі: Дәстүрден тыс.

Сабақтың жүру барысы: Ұйымдастыру кезеңі, шаттық шеңберіне тұру

Мұғалім: Сәлеметсіздер ма, балалар! Көңіл күйлерің қалай, жақсы ма? Менің де көңіл күйім өте жоғары. Мен сендердің бәріңді жақсы көремін. Ал сендер бір — біріңді жақсы көресіңдер ме? Ендеше, бір — біріңнің қолдарыңды ұстап, жағымды әуенді тыңдаңыздар.

Мінебалалар, сендердіңбойларың да, ойларың да өсіп қалыпты. Сендермектепкедайындалыпжүрсіңдер. Болашақтатаңғажайыпоқиғаларға толы «білімәлемінде» өмірсүресіңдер. Балалар, мен байқаптұрмын, бүгін сіздердің көңіл күйлеріңізөтежоғары, жүздеріңшаттық пен мейірімге, жылылыққа толы. Күнкөзіжербетінеөзініңжылуынтаратса, бізбір — бірімізгежылуымыздытаратайық, «Бізбақыттыбаламыз» деп, қайталайық.

Мұғалім: Жылмезгілдері, аптакүндерітуралысұрайды.

Балалар, сіздер кішкентай кездеріңізден бастап көптеген ертегілерді ата-аналарыңнан, апайларыңнан естіп келесіңдер. Ал сендер қандай ертегі білесіңдер?

Балалардың жауабы.

Енді сіздер біреу ертегіден көрініс көргілерің келеме? Ендеше ертегілереліндегі әжейді тыңдайық.

Сахна ашылып,

«Шалқан»

ертегісінің кейіпкерлерінің дұрыс ретімен орналаспаған көрінісін көреді.

Кейіпкерлердің орнын реттеу үшін көптеген тапсырмаларды орындау керектігінайттып, түсіндіреді. Балалар тапсырманы орындауға кіріседі.

1. Сәулетшілердің жоспары бойынша зәулім үйлер тұрғызу.

Шартты белгілерге қарап, шағын көшесі салады.

А) жол салушылар жұмыс жасайды. Балалар, яғни 1 — ші топ жолдарды орналастырады.

Б) Құрылысшылар үйлерді орналастырады. 2 — ші топ үлкен — кіші үйлерді ретімен орналастырады.

В) Жасылталдарды орналастырып, көгалдандыру жұмысы жүреді. 3 — ші топ үйлердің алдына көшеттер, гүлдер отырғызады.

2. Текшелерді орналастыр.

Ортасына қызыл текше, астына көк текше, үстіне жасыл текшені орналастыр деп тағы да түстерді өзгертетін тапсырмалар беріледі.

Балалар айтқан бағыт бойынша текшелерді өзіне қатысты орындарына орналастырады.

3. Дидактикалық ойын «Пішіндердің орнын тап?»

Таратпа құралдар арқылы орындалады.

Кеңістікті бағдарлауға арналған тапсырманы мұғалімнің айтуы бойынша барлық балалар жек орындайды.

4. Келісемін - келіспеймін.

1. Үйдің шатыры төрт бұрышқа ұқсайды.
2. Қарбыз дарталдың басында өседі.
3. Жазда шанамен сырғанамаймыз
4. Жұлдыздар аспанда түнде көрінеді.
5. Лимон тәтті болады.
6. Шыршаның түсі қызыл.
7. Алма шаршыға ұқсайды.
8. Балықтар талда өседі.
9. Сиырдың 4 аяғы болады.
10. Керіктің бойы аласа.
11. Балмұзда қыстық болады.
12. Дөңгелек пішіннің екі бұрышы болады.
13. Қоян балды жақсы көреді.

14. Пілдің тұмсығы қысқа.

15. Кітап – білімбереді.

Айтылған пікірге келіспесе, балалар неге екенін дәлелдейтіндей.

5. Кәне салыстырайық.

Оң және сол жақтағы заттарды санап, есептік санау арқылы салыстырады. Мысалы, көк шарлар мен қызыл шарларды салыстырып теңестіреді немесе теңсіздік орнатады.

6. Логикалық тапсырма.

Мультимедиядан тапсырманы көріп отырып орындайды.

7. Санына қарай жинақта.

Көкөністерді санап отырып өзінiң жәшігiн есалады.

8. Қорытынды.

Мұғалім тапсырмалардың бәрін орындағандарына ийтіп, енді кейіпкерлерді өз орнына орналастырамыз деп «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерін ретімен орналастыруды балаларға тапсырады. Орналастырып болған соң балалар кейіпкерлерді ретімен санайды, өз ойларына ийтіп береді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.